ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 мамыр № 5501-25-00-2/941 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Т. Жақыпбеков қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жургізу құқығындағы «Павлодар облыстық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«TENDERGO» Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2. тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 223-226, 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жургізу құқығындағы «Павлодар облыстық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «TENDERGO» Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«TENDERGO» Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«TENDERGO» Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкерден Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жургізу құқығындағы «Павлодар облыстық қан

Құжатқа қол қойылған: Жакупбеков А. Т., 14.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.06.2025, судья Жакупбеков А. Т., 24.06.2025
5501-25-3-1/1047

орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 4 284,51 (төрт мың екі жүз сексен төрт) теңге (елу бір) тиын тұрақсыздық айыппұл, 128,54 (жүз жиырма сегіз) теңге (елу төрт) тиын сот шығындары өндірілсін.

«TENDERGO» Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т. Жақыпбеков

Құжатқа қол қойылған: Жакупбеков А. Т., 14.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.06.2025, судья Жакупбеков А. Т., 24.06.2025

5501-25-3-1/1047